



МИНИСТЕРСТВО НАУКИ
И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



INTERNATIONAL
SCIENCE COMPLEX
ASTANA



ATYRAU OIL AND
GAS UNIVERSITY



АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ



МОНГОЛЫА СОЮЗЫНДА ДАЙЫРУУ
ЧУЛУК СИЛАДЫЧЫ
МОНГОЛЫА СОЮЗЫНДА ДАЙЫРУУ

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КАДРЛАРҒА
ҚАЖЕТТІЛІКТІН,

ӘҢІРЛІК КАРТАСЫ



ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АМӘЗ	Атырау мұнай өндеу зауыты
АӘК	АгроОнеркәсіптік кешен
БББ	Білім беру бағдарламасы
БҚ	Бағдарламалық қамтамасыз ету
ЖББУ	Жоғары білім беру үйімі
ЖИ	Жасанды интеллект
МӘЗ	Мұнай өндеу зауыты
ӘЖӘ	Әңгірлік жалпы өнім
ТЖКЖБ	Техникалық және кәсіптік жоғары білімнен кейінгі білім
ТШО	Тенгізшевройл
ШОБ	Шағын және орта бизнес
AI	Artificial Intelligence (Жасанды интеллект)
AR	Augmented Reality (Кеңейтілген шындық)
BIM	Building Information Modeling (Фінанстардың ақпараттық модельдеу)
CAD/CAE/CAM	Computer-Aided Design/Engineering/Manufacturing (Автоматтандырылған жобалау, инжинириング және өндіріс жүйелері)
CI/CD	Continuous Integration / Continuous Delivery (Ұздықсіз интеграция / жеткізу)
E-gov	Electronic Government (Электрондық үкімет)
ESG	Environmental, Social, Governance (Экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару)
ERP	Enterprise Resource Planning (Кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйесі)

GIS	Geographic Information System (Геоақпараттық жүйе)
GPS	Global Positioning System (Жаһандық позициялау жүйесі)
HACCP	Hazard Analysis and Critical Control Points (Қауіпперді талдау және сыни бақылау нұктелері)
Halal	Ислам талаптарына сәйкес рұқсат етілген
HSE	Health, Safety, Environment (Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған орта)
ISO	International Organization for Standardization (Халықаралық стандарттау үйімі)
IoT	Internet of Things (Заттар интернеті)
IT	Information Technology (Ақпараттық технологиялар)
MES	Manufacturing Execution System (Өндірістік үдерістерді басқару жүйесі)
ML	Machine Learning (Машиналық оқыту)
NCOC	North Caspian Operating Company (Солтүстік Каспий операциялық компаниясы)
NDVI	Normalized Difference Vegetation Index (Өсімдік жамылғысының нормаланған индексі)
PLC	Programmable Logic Controller (Бағдарламаланатын логикалық контроллер)
R&D	Research and Development (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар)
SCADA	Supervisory Control and Data Acquisition (Диспетчерлік басқару және деректерді жинау жүйесі)
SOC	Security Operations Center (Қауіпсіздікті басқару орталығы)
SMM	Social Media Marketing (Әлеуметтік желілердегі маркетинг)
VR	Virtual Reality (Виртуалды шындық)

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	3
КІРІСПЕ	7
Атырау облысы әкімінің құттықтау сезі	9
Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің құттықтау сезі	11
1. ӨҢІРЛІК КАДРЛАРҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК КАРТАСЫ НЕ ҮШІН ЖӘНЕ КІМГЕ ҚАЖЕТ?	12
2. ӨҢІРДІҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ БИЗНЕС, ПЕДАГОГТАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ПІКІРІ	13
2.1. Бизнес: біз қандай болашақты күтеміз	14
2.2. Педагогтар: білім беру – болашақта тартылыс	16
2.3. Халық: жаңа мамандықтарға дайындық	18
3. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ	21
3.1. Сарапшылар пікірі	22
3.2. Саланың қазіргі жағдайы	27
3.3. Трендтер	29
3.4. Қауіп-қатерлер	31
3.5. Мүмкіндіктер	31
3.6. Болашақ бейнесі	33
3.7. Жаңа мамандықтар	34
3.8. Трансформацияланатын мамандықтар	38
3.9. Жойылып бара жатқан мамандықтар	43
3.10. Өте тапшы мамандықтар	44
4. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ БОЛАШАҒЫ	46
4.1. Сарапшылар пікірі	47
4.2. Саланың қазіргі жағдайы	52
4.3. Трендтер	53
4.4. Қауіп-қатерлер	54
4.5. Мүмкіндіктер	55
4.6. Болашақ бейнесі	56
4.7. Жаңа мамандықтар	57
4.8. Трансформацияланатын мамандықтар	60
4.9. Жойылып бара жатқан мамандықтар	63
4.10. Өте тапшы мамандықтар	64
5. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БОЛАШАҒЫ	67
5.1. Сарапшылар пікірі	68
5.2. Саланың қазіргі жағдайы	73
5.3. Трендтер	74
5.4. Қауіп-қатерлер	75
5.5. Мүмкіндіктер	76
5.6. Болашақ бейнесі	76

МАЗМУНЫ

5.7. Жаңа мамандықтар	77
5.8. Трансформацияланатын мамандықтар	80
5.9. Жойылып бара жатқан мамандықтар	82
5.10. Өте тапшы мамандықтар	83
6. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКЕСІБІНІҢ БОЛАШАҒЫ	85
6.1. Сарапшылар пікірі	86
6.2. Саланың қазіргі жағдайы	93
6.3. Трендтер	94
6.4. Қауіп-қатерлер	97
6.5. Мүмкіндіктер	98
6.6. Болашақ бейнесі	100
6.7. Жаңа мамандықтар	101
6.8. Трансформацияланатын мамандықтар	104
6.9. Жойылып бара жатқан мамандықтар	107
6.10. Өте тапшы мамандықтар	109
7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ IT ИНДУСТРИЯСЫ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ БОЛАШАҒЫ	111
7.1. Сарапшылар пікірі	112
7.2. Саланың қазіргі жағдайы	117
7.3. Трендтер	118
7.4. Қауіп-қатерлер	119
7.5. Мүмкіндіктер	119
7.6. Болашақ бейнесі	120
7.7. Жаңа мамандықтар	121
7.8. Трансформацияланатын мамандықтар	126
7.9. Жойылып бара жатқан мамандықтар	130
7.10. Өте тапшы мамандықтар	131
8. EDUNAVIGATOR.KZ – БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ	132
8.1. Оқушылардың болашақ мамандықтарға қызығушылығы	133
8.2. Жалпы ұсынымдар	136
9. ӨҢІРДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫНА ҚАЙДА ОҚУҒА БОЛАДЫ?	138
9.1. Өңірдің жоғары оқу орындарында ұсынылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі	139
9.2. Өңір колледждерінде ұсынылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі	141
9.3. Болашақ дағдыларын менгеруге арналған білім беру орталықтарының, ашық жаппай курстардың және өзге де мүмкіндіктердің тізбесі	145
ҚОРЫТЫНДЫ	148
ЖОБА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	149
ЖОБА КОМАНДАСЫ	152

KIPICPE

Кез келген өнірдің, оның ішінде Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тұрақты дамуы кадр саясатын жүйелеумен және еңбек нарығындағы тендерімсіздікті төмендетумен тыңыз байланысты.

Қазақстанның, ең серпінді дамып келе жатқан өнірлерінің бірі болып табылатын Атырау облысы шикізат секторына жоғары тәуелділік мәселесіне тап болып отыр: өнеркәсіптік өнім көлеміндегі мұнай-газ секторының үлесі 88%-ды құрайды.

Кадрлық проблема технологиялық трансформация үдерістерімен күрделене түсүде, өйткені олар мамандардың құзыреттер кешенін үнемі жаңартып отыруды талап етеді.

Осыған байланысты өнірдің стратегиялық міндеттерін іске асыруды кадрлық қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік-экономикалық кешенді зерттеу нәтижесі болып табылатын, сандық, сапалық және стратегиялық адістерді қамтитын кадрларға қажеттіліктің өнірлік картасы әзірленді:

- Өнір экономикасының есу нұктелерін айқындау және экономиканы әртараптандыру үшін маңызды бес саланы анықтау мақсатында өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына алдын ала стратегиялық талдау жүргізілді.

- Халықтың өз мамандығына қанағаттану дәңгейін анықтау, кадр даярлау проблемаларын талдау және құзыреттерге қойылатын жаңа талаптарды айқындау мақсатында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға халық арасынан 830 респондент, білім беру үйімдарының 406 өкілі және бизнес саласының 201 өкілі тартылды.

- *Форсайт-сессия сараптамалық болжай* өнірдің болашақ бейнесін қалыптастыруға, негізгі трендтерді, қауіппер мен мүмкіндіктерді айқындауға, сондай-ақ жаңа және трансформацияланатын кәсіптердің толық тізбесін жасауға мүмкіндік берген негізгі әдіснамалық құралға айналды. Дәл осы талдау нәтижесінде ақпарат өнірдің бес басым саласы бойынша құрылымдалды: *туризм, агроДенеркәсіптік кешен, өңдеу және татақ өнеркәсібі, сондай-ақ IT-индустрия және цифрандыру*.

- *Сараптылармен жүргізілген тереңдетілген сұхбат* Атырау облысының кадрларға қажеттілігінің, өнірлік картасын әзірлеудегі әдіснамалық тәсілдің негізгі элементі болды. Ол сандық талдауды стратегиялық және сапалық деректермен толықтырып, өнірдің дамуына әсер ететін стратегиялық факторларды, кадрларға қойылатын талаптарды, жаңа кәсіптерді, трендтер мен қауіпперді Атырау облысының бес басым саласы аясында айқындауға мүмкіндік берді.

Оқушылардың кәсіби диагностикасы: жоба аясында EduNavigator платформасында өнірдің 101 мектебінен 9-сыныпта оқытын 10 233 оқушы тестілеуден өтті. Дж. Голландтың теориясына (RIASEC моделі) негізделген диагностика оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін еңбек нарығының өзекті талаптарымен сәйкестендіруге мүмкіндік береді, бұл білім беру траекторияларын тиімді жоспарлау үшін аса маңызды болып табылады.

Кадрларға қажеттіліктің өнірлік картасы еңбек нарығы, білім беру жүйесі және экономикалық даму арасындағы байланыстыруышы буын болуға арналған. Ол сұраныс пен ұсыныс арасындағы тендерімсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді және білім беру үйімдарының оқу бағдарламаларын нарықтың нақты талаптарына бейімдеуіне жағдай жасайды.

Карта жаңа формациядағы экономикаға көшу жағдайында адами капиталды қалыптастырудың негізі болуға тиіс, мұнда стратегиялық тұрақтылық цифрлық құзыреттерді дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету арқылы айқындалады.





**Шәпкенов
Серік Жамбылұлы**
Атырау облысының әкімі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қазіргі заман – технологиялар, білім және адами капитал шешуші рөл атқаратын қарқынды өзгерістер кезеңі. Атырау облысы – еліміздің экономикалық тіректерінің бірі, респубикалық бюджетке ең көп үлес қосып отырган донор өнір. Дегенмен бүтінгі даму кезеңі бізден экономиканы әртаратандыруды, жаңа салаларды қүштеді және еңбек нарынның болашақ талаптарына бейімдеуді талап етеді. Осы түрғыда сапалы кадр даярлау – өнірдің орнықты дамуының басты альшашты.

Осы мақсатта әзірленген Атырау облысының Жаңа мамандықтар атласы – өнір экономикасының жаңа келбетін айқындастырын стратегиялық құжат. Ол еңбек нарындаға ағымдағы жағдайды ғана емес, алдағы 5-10 жылда сұранысқа ие болатын мамандықтарды қамтиды және кадр саласын жүйелі жоспарлауға мүмкіндік береді.

Атлас алеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді төрөн, талдау, бизнес қауымдастық, білім беру үйімдіктері және жергілікті қоғам екіншірімен жүргізілген сауалнамалар мен саралтамалық көдесулер негізінде дайындалды. Нәтижесінде өнір үшін басым саналатын бес негізі барыт айқындалды.

Бірінші бағыт – туризм. Қаспий жағалауы, тарихи-мәдени мұра, экотуризм мен ішкі туризмді дамыту Атырау облысы үшін жаңа экономикалық мүмкіндіктер ашады. Бұл салада туризм менеджерлері, гидтер, сервис мамандары, қонақүй және мейрамхана бизнесі қызметкерлеріне сұраныс артып келеді.

Екінші бағыт – агроенеркәсіптік кешен. Ауыл шаруашылығын технологиялық жаңғыру, өнімді қайта өндіре, логистика мен агросервис салаларын дамыту агрономдар, ветеринарлар, агротехникерлер, фермерлік менеджмент мамандарына деген қажеттілік күштеді.

Үшінші бағыт – татақ өнеркәсібі. Жергілікті өнімді өндіре, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспортқа бағытталған өндірістерді дамыту технологиялар, сапа бақылау мамандары, өндірістік менеджерлер мен маркетологтарды талап етеді.

Төртінші бағыт – өндіре өнеркәсібі. Мұнай-газ секторы өнір экономикасында маңызды рөл атқара бергенімен, алдағы кезеңде негізі есім өндеу саласын дамыту арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Құрылыш материалдары, машина жасау, химия және сервистік өндірістер инженерлерге, техникалық мамандарға және білікті жұмысшы кадрларға сұранысты арттырады.

Бесінші бағыт – цифрандыру және IT-индустриялар. Барлық саланың тиімділігі цифрлық шешімдерге тікелей байланысты. IT-мамандар, деректер талдаушылары, автоматандыру, киберқауіпсіздік және цифрлық жобалар менеджерлері өнір экономикасының жаңа драйверіне айналуда.

Осылайша, Жаңа мамандықтар атласы Атырау облысының дамында мұнай-газ саласына тәуелділікті біртіндеп азайтып, экономиканы әртаратандыруға бағытталған. Мұнай-газ саласында кадрларға деген қажеттілік сақталғанымен, басымдық жаңа салаларда басекеге қабілетті, әмбебап және заманауи мамандарды даярлауға беріледі.

Мемлекет басшысы жариялаған 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Атырау облысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі жаңғыртылып, дуалдық оқыту кеңейтілуде. Колледждер мен жоғары оқу орындары өнір экономикасының нақты сұранысына бейімделіп, жұмыс берушілермен тығыз әріптестікте жұмыс істеді.

Бул үдерістік бизнес қауымдастырыңың рөлі айрықша. Қасіпкерлерді, инвесторларды және өндіріс өкілдерін кадр даярлау ісіне белсенді атсалысуга шақырамын. Тағылымдамалар, мақсаттық оқыту, біліктіліктік арттыру бағдарламалары – өнірдің адами капиталын нығайтудың тиімді тетірі.

Жаңа мамандықтар атласы – бұл тек касиби бағдар беру қуралы емес, Атырау облысының болашақ дамуына арналған ортақ стратегиялық бағдар. Ол жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, білім беру жүйесін, бизнес пен қоғамды бір мақсатқа біріктіреді.

Жаңа мамандықтар атласы Атырау облысының тұрақты дамуы мен экономикалық қуатын арттыруға қызмет етсін! Әрбір азаматтың кәсіби алеуетін жүзеге асыруына жол ашып, өнірдің жарқын болашағына берік негіз боларына сенімдімін.





Саясат Нұрбек
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті достар!

Сіздерді қарсы ала отырып, өңірді дамытудың басым міндеттерінің бірі - кадрларға қажеттіліктің Өнірлік картасын жасау мәселесін атап етуді маңызды деп санаймын.

Аталған құрал Атырау облысының орнықты дамуының, негізін құрайтын мамандарды даярлауда шешуші рөл атқаруға бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелулы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады, бул еліміздің экономикасы үшін жұмысшы мамандықтардың маңызы артып келе жатқанын тәғі бір мәрте көрсетеді.

Кадрларға қажеттіліктің Өнірлік картасын жасау Атырау облысының экономикалық өсүі мен дамуына берік негіз қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызды шешім болып табылады.

Өнірлік карта алдағы жылдары сұранысқа ие болатын мамандықтарды неғұрлым нақты айқындауға және басым салалар үшін мамандар даярлауға күш-жігерді бағыттауға мүмкіндік береді.

Өнір үшін агроенеркәсіптік кешен, тамақ өнеркәсібі, өңдеу өнеркәсібі, цифрландыру және IT индустриясы, туризм сияқты негізгі экономикалық секторларды дамыту өзекті болып табылады. Басым салаларды талдау мақсатында облыстың жетекші кәсіпорындары мен мекемелерінде еңбек ететін 90-нан астам сарапшының қатысуымен форсайт-сессиялар еткізілді.

Кадрларға қажеттіліктің Өнірлік картасы білім беру бағдарламаларын жоспарлауды нақтылауға, кәсіптік даярлау және жоғары білім беру жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ экономикалық өсім үшін шешуші маңызы бар салаларды білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өнірлік картаны әзірлеу барысында облыстың 100 мектебінде жалпы саны 10 мыңнан астам оқушыны қамтыған кәсіби диагностика жүргізілді.

Жоғары сынып оқушылары мен олардың ата-аналары үшін Өнірлік карта болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналады. Сонымен қатар, алда бізді болашақ үшін жоғары білікті кадрларды даярлау жөніндегі ауқымды міндет күтіп тұр.

Біз Атырау облысын ертеңгі экономиканы қалыптастыратын кадрлармен қамтамасыз ету үшін озық қимылдауға тиіспіз. Назарларыңызға рақмет айтып, осы маңызды міндетті іске асыруда табыс тілеймін.

1. ӨҢІРЛІК КАДРЛАРҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК КАРТАСЫ НЕ ҮШІН ЖӘНЕ КІМГЕ ҚАЖЕТ?

ӨҢІРЛІК КАДРЛАРҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК КАРТАСЫ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Экономиканы жоспарлау және дамыту:

- Кадрларға деген қажеттілік картасы қай салаларда білікті мамандар тапшылығы немесе артықшылығы бар екенін анықтауға мүмкіндік береді, бұл экономиканың негізгі секторларын оңтайлы дамытуға жағдай жасайды.
- Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздікті болдырмауға көмектеседі.

Білім беру бағдарламаларын үйлестіру:

- Білім беру үйымдарына оқу бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұраныстарына бейімдеуге мүмкіндік береді.
- Мамандығы бойынша жұмыс таба алмайтын түлектер санын азайтады.

Әлеуметтік тұрақтылықты қолдау:

- Сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрларды даярлау арқылы жұмыссыздық, денгейін төмендетуге ықпал етеді.
- Еңбекке қабілетті халықтың басқа өнірлерге көшүін қысқартады.

Инвестицияларды оңтайландыру:

- Мемлекеттік органдар мен бизнеске кадрларды даярлау және қайта даярлау саласына бөлінетін ресурстарды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

БҰЛ КІМГЕ ҚАЖЕТ?

Мемлекеттік органдарға:

- Жұмыспен қамту саясатын, білім беру және әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу үшін;
- Экономиканың басым салаларына инвестиция тартуды ынталандыру үшін.

Білім беру үйымдарына:

- Алдағы жылдары қандай мамандар сұранысқа ие болатынын түсінүү үшін;
- Оқу бағыты мен мазмұнын үақтылы түзету үшін.


Жұмыс берушілерге:

- Ұзақ мерзімді кадр саясатын жоспарлау және қызметкерлерді даярлау үшін;
- ЖОО мен колледждермен әріптестік арқылы білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға қатысу үшін.

Өнір түрғындарына:

- Болашағы зор мамандықтарға бағдар алу және мансаптық жолды жоспарлау үшін;
- Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін білім беру бағыттарын дұрыс таңдау үшін.

Өңірлік кадрларға деген қажеттілік картасы еңбек нарығы, білім беру жүйесі және экономикалық даму арасындағы байланыстыруышы буын болып табылады және өнірдің үйлесімді дамуына ықпал етеді.



2. ӨҢІРДІҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ БИЗНЕС, ПЕДАГОГТАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ПІКІРІ

Кез келген өнірдің, соның ішінде Қазақстандағы ең серпінді дамып келе жатқан өнірлердің бірі – Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жүйесінің орныңы дамуы кадр саясатын жүйелеумен және еңбек нарығындағы тәңгерімсіздікті азайтумен тыңыз байланысты. Кадр даярлау мәселелері технологиялық трансформация, саяси тұрақсыздық, және шетелдік санкциялар салдарынан үшіншілік, мамандардың құзыреттер кешенін үнемі жаңартуды талап етеді. Өнеркәсіп өнімінің көлеміндегі мұнай-газ секторының үлесі **88%-ды** құрайтын Атырау облысы мұнай өндеу, мұнай-химия, құрылым материалдарын өндіру, агроөнеркәсіп және балық шаруашылығы салаларында одан әрі дамуды жоспарлап отыр.

Кадрлық қамтамасыз ету, мамандарды даярлаудағы негізгі мәселелер және құзыреттерге қойылатын жаңа талаптар жөнінде негізгі топтардың пікірін зерттеу мақсатында халық арасынан **830** респондент, сондай-ақ, білім беру үйімдары мен бизнес өкілдері (тиісінше **406** және **201** адам) қатысқан социологиялық зерттеу жүргізілді. Халықтың, білім беру және бизнес өкілдерінің пікірін зерделеу өнірдің өзекті сұраныстарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

2.1. Бизнес: біз қандай болашақты құтеміз

Атырау облысының индустриясы мен бизнесі өкілдері **201** респондент, оның ішінде:



өнірдің болашағын қарқынды технологиялық және салалық даму түрфысынан көреді.

Қарқынды дамып жатқан салалар және кадрлық қамтамасыз ету мәселелері

Бизнес өкілдерінің пікірінше, Атырау өнірінде ең қарқынды дамып жатқан салалар:

- Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру;
- Көлік және қоймалау;
- Сүмен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау;
- Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау;
- Қөтерме және бөлшек сауда, автокөлік пен мотоциклдерді жөндеу.

Сонымен қатар, құрылым, өндеу өнеркәсібі, қаржылық және сақтандыру қызметі, сондай-ақ тау-кен өндіру салаларында кадр тапшылығы өткір сезілетіні атап етілді.

Бизнес анықтаған кадрлық қамтамасыз ету мен үәждеудің негізгі мәселелері:

1. Жұмыс күші жұмыс берушілер талаптарына (білім деңгейі, даярлық бейіні, біліктілік деңгейі) сәйкес келмейді.
2. Жұмыс берушілер ішкі еңбек нарығында тартымды жұмыс жағдайларын жасамайды.
3. Инновациялық әдістер мен заманауи технологиялардың жедел енгізілуі қажетті біліктіліктердің даярлаудың кешеуілдеуіне әкеледі.
4. Қызметкерлер көбінесемамандықтан тыс жұмыс істейді, өйткені олардың нақты біліктілігі қажетті деңгейден төмен.

Болашақты қалыптастырытын факторлар мен үрдістер

Респонденттер жұмыс істейтін саланың болашағына әсер ететін негізгі факторлар ретінде өңір экономикасының жалпы жағдайы мен саланың ресурстық әлеуетін (еңбек, табиғи, материалдық және ақпараттық ресурстардың қолжетімділігі) атады. Респонденттердің 94%-ы қолданыстағы заңнама олардың саласының болашағына оң әсер етеді деп санды.

Қазақстанда байқалып отырған өзекті болашақ үрдістері мен технологиялар:

Өмірдің барлық салаларын цифрландыру

Автоматтандыру роботтар мен ақылды жүйелерді енгізуін көнеюі

Технологиялық және әлеуметтік өзгерістердің жеделдеуі

Экологиялық таза өндіріс пен сервистер экологиялық нормалардың күшеюі.

Сұранысқа ие құзыреттер

Өз дағдыларын бағалау барысында бизнес өкілдері цифрлық және эмоциялық сауаттылықтарын жоғары бағалады.

48% Цифрлық сауаттылық

21% Эмоциялық сауаттылық

Нақты құзыреттер бойынша:

Жобалар мен процестерді басқару

32%

Ысырапсыз өндіріс

17%

Бағдарламалау, робототехника, жасанды интеллект

11%

2.2. Педагогтар: білім беру – болашаққа тартылыс

Білім беру жүйесінің өкілдері (406 адам, олардың 41%-ының енбек өтілі 20 жылдан астам) өнірдегі ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажет жаңа формациядағы кадрларды даярлауға жүйенің дайындығын бағалады. Сауалнамаға орта мектеп мұғалімдері (37%), ТЖКБ үйымдары (35%) және ЖОО (24%) педагогтары қатысты.

Даярлық сапасы және дамытылатын құзыреттер

Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагог кадрларды даярлау сапасын бағалау біркелкі емес:



Жалпы алғанда, қазіргі білім беру жүйесі педагог кадрларда мынадай қасиеттер мен құзыреттерді табысты дамытады:

- Эмпатия оқушыны «сезіну» қабілеті
- Өзін-өзі үйымдастыру жоғары жұмыс қабілеттілігі, жоспарлау
- Өзіндік рефлексия өз сезімдері мен мінез-құлқын талдау
- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мақсаттар мен міндеттер қою
- Білім алушылардың оң үәжін қалыптастыруға жағдай жасау

Қызметтің ақпараттық негізі саласында оқыту әдістері мен оқытылатын пән бойынша құзыреттер сапалы дамып келеді.

Қызмет бағдарламасын әзірлеу және шешім қабылдау саласында педагогтар білім беру бағдарламасын тәндау және іске асыру, сондай-ақ педагогикалық жағдайларда шешім қабылдау қабілеттерін атап өтеді.

Білім беру жүйесінің негізгі сын-қатерлері

Оң нәтижелерге қарамастан, педагогтар өнірдің болашағын қамтамасыз ету үшін шешілүү қажет кадр даярлауға қатысты бірқатар жүйелі проблемаларды атап өтті:

1

Абитуриенттердің
сапасыз іріктеу
мәселесі

2

Дастирлі
ақпараттық-пәндейк
даярлықтың
(репродуктивті-
орындаушылық
сипат) басым болуы
және практикалық-
бағдарланаң
оқытудаң темен
дәнгейі

3

Білім беру
үйымдарының
тулектері өзгермелі
техникалық және
технологиялық
ортага бейімделе
алмайды және
кәсіби қызметті
тұтас,
интеграцияланған
процесс ретінде
қарастырмайды

4

Түлектердің іргелі
даярлығының
жетеклікізділікі

5

Қайта даярлау және
біліктілікті арттыру
жүйесі өзекті
сұраныстарға сәйкес
жүргізілмейді



2025 жылға дейін өнеркәсіпте 9 200 жұмыс орнын және кәсіпкерлікте 1 700 жұмыс орнын құруды көздейтін Кешенді даму жоспары іске асырылып жатқан Атырау облысы үшін «жаңа формациядағы» кадрлармен қамтамасыз ету аса маңызды болып табылады.

2.3. Халық жаңа мамандықтарға дайындық

Халық арасында жүргізілген сауалнама (830 адам, олардың 78%-ы Атырау қаласының тұрғындары, 73%-ы ер адамдар) өнірдегі қазіргі жағдайға қанағаттану деңгейін және өнірді дамыту үшін қажетті өзгерістерге дайындықты бағалауға мүмкіндік береді.

Еңбек қызметі және қанағаттану деңгейі

Респонденттердің, едәуір белігі (41%) мемлекеттік үйымдарда жалдамалы қызметкер ретінде жұмыс істейді, жалпы жұмыс істейтіндердің 40%-ы өнеркәсіп саласында еңбек етеді.

41% жалдамалы қызметкер

40% өнеркәсіп саласында еңбек етеді

Атырау өнірі халқының еңбек қызметіне қанағаттану деңгейі жеткілікті жоғары:

52%

- толық қанағаттанамын

23%

- негізінен қанағаттанамын

Сонымен қатар, алынған диплом бойынша мамандықты пайдалану барысында белгілі бір қындықтар бар:

48%

- мамандығы бойынша еңбек етеді

32%

- мамандығы бойынша жұмыс іstemеген

Дипломдағы мамандыққа қанағаттану деңгейі де жоғары

56%

қанағаттанған

13%

мансалтық
мүмкіндіктердің
шектеулілігі

9,3%

білімнің
ескірғендігі

8,8%

мамандықтардың
өзектілігін
жоғалтуы

54%

жұмыс орнын
ешқашан
ауыстырмасын

Болашаққа сенімділік және жаңа дағдыларды менгеру

Атырау облысының халқы өз болашағына жоғары деңгейде сенім білдіреді:

49% толық сенімді

30% сенімді

Болашаққа қатысты эмоциялық көзқарасты бағалауда 34% «сенімділік (үміт, қуаныш, шаттық)», ал 25% «тыныштық» сезімін атап өтті.

Жаңа мамандықтарды менгеруге дайындық

Өнір цифрландыру мен автоматтандыру жағдайында аса маңызды болып табылатын қайта даярлау әлеуетінің жоғары деңгейін көрсетеді:

30%

жақын болашақта жаңа мамандықты менгеруге дайын

26%

бұл туралы «кейде ойланады»

Халық өнірдің стратегиялық дамуына сәйкес келетін салаларда жаңа мамандықтарды игеруге дайын:

• Өнеркәсіп

• Білім беру

• Көлік

• Ауыл шаруашылығы

Жаңа мамандықтарды менгеруге қолайлы оқыту форматтары ретінде аралас (гибридті) және қашықтан оқыту форматтары аталды.

Материалдық жағдай

Жан басына шаққандағы жалпы өнірлік өнім көлемі 9,5 млн теңгеден асатын өнірде материалдық әл-ауқат деңгейі жеткілікті жоғары.

42%

500 мың теңгеден жоғары жалақы алады

41%

өте қымбат сатып алулардан басқа барлық қажеттіліктерін өтеуге жеткілікті екенін

20%

материалдық қындық көрмейді

Бизнес, педагогтар және халық пікірі бір ортақ түжіримдамада тоғысады:

Атырау облысының, болашағы технологиялық наунару мен инновацияларды төрөндөтүмен тығыз байланысты. Өнердің күшті экономикалық амбасы және инновары үзінділік халық бер, олардың 30%-ы наңа инновацияларды менгерүте дайын, негізінен облыстың дақылы үшін негізгі салаларда (өнеркәсіп, аудын шаруашылық, молік).



Алайда наңа формацияданы экономикада табысты нашу үшін өлеулі наударлық алшактықтарды жио қажет. Бизнес нарынс нүшінің біліктілін дөнгөй талаптарға сай немесе тиімділік, сондай-ақ бәндарламалату, робототехника және нақанды интеллект салаларындағы күзыреттердің тәмін дөнгөйін атап етеді.

Педагогтар бұт мәселені распас, әбдітуріннің іріктеудің сапасынанын және оқытудың практикалық, белгіліліктерін, тәмінделіліктерін көрсетеді.



БӘНДАРЛАМАЛАУ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



РОБОТОТЕХНИКА

Өнердің нашандықтарын қоса асyrу және налем 5,5 трлн теңгеден асатын инвестицияларды қамтамасыз ету үшін цифирлық және инновациялық, саулеттыльынса, сондай-ақ, басқарушылық күзыреттерге не жана формацияданы наударлар қажет.

Халықтың гибридті және науқыттан оқыту форматтарына дайындытын, сондай-ақ, дәстүрлі даярлау жүйесіндегі анықталған проблемаларды еснеге отырып, практикалық даңызтар мен индустрияның езекті сұраныстарына бәндарламанан үздінсөз ылғы беруге нашу өнерді орнығы болашалын қамтамасыз етудің негізгі шартына айналады.



3. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

3.1. Сарапшылар пікірі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Өңіріндең, әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін айқындастын негізгі факторларды атаңыз.

Атырау облысы экономикасының басты драйвері – мұнай-газ секторы, ол бюджет кірістерінің негізгі белгін қалыптастырып, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Экономикалық есімге өнірдің географиялық орналасуы, Каспий теңізіне жақындығы, дамыған көлік инфрақұрылымы және табиғи ресурстардың (мұнай, газ, балық ресурстары) молдығы да ықпал етеді.

Маңызды рөлді әлеуметтік инфрақұрылым (білім беру, дәнсаулық сақтау, тұрғын үй құрылымы), сондай-ақ инвестициялық ахуал мен отандық және шетелдік инвестицияларды тарту атқарады. Өңір елдің ЖІӨ құрылымындағы үлесі бойынша көш бастап түр — шамамен 11 %. Өнеркәсіп секторы белсенді дамуда: іске асырылған 52 жобаның 80 %-ы Атырау қаласында шоғырланған, бұл жобаларға салынған инвестиция көлемі 728,4 млрд теңгені құрайды.

Туризм өнір экономикасын әртаратандырудың стратегиялық бағытына айналуы мүмкін. Дамыған елдердің тәжірибесі туризмнің негізгі табыс көздерінің біріне айналып, жаңа жұмыс орындарын құруға және қонақ үйлер, мейрамханалар, экскурсиялық маршруттар сияқты ілеспе инфрақұрылымды дамытуға қабілетті екенін көрсетеді.

Өңіріндең дамындағы жағымсыз үрдістерді атаңыз.

Атырау облысы әлеуметтік-экономикалық дамуды тәжіктін бірқатар жағымсыз үрдістерге тап болып отыр. Ең алдымен, бұл – мұнай-газ саласына экономикалық тәуелділік, ол әлемдік мұнай бағасының ауытқуына байланысты экономиканы сыртқы күйзелістерге осал етеді. Шағын және орта бизнестің дамуы әлсіз, қаржыландырудың қолжетімділік пен технологиялардың інгізуіндең қыындықтар экономиканы әртаратандыруды шектейді.

Сонымен қатар, жастардың, өнірден кетуі байқалады: олар жақсы мансаптық мүмкіндіктер іздел басқа аймақтарға қоныс аударады, бұл туризм мен IT сияқты перспективалы салаларда кадр тапшылығына әкеледі. Қосымша фактор ретінде мұнай-газ өнеркәсібінің қоршаған ортаға түсіретін жүктемесіне байланысты экологиялық тәуекелдер бар, бұл халықтың дәнсаулығына және туризмнің дамуына қауіп төндіреді.

Жақын болашақта өнір басшылығы үақытылы жоюы қажет қандай қауіптер бар деп санайсыз?

Негізгі қауіптерге экологиялық деградация, дәстүрлі салалардағы жұмыс орындарының қысқаруы, туризм, IT және сервис салаларында білікті кадрлардың тапшылығы, сондай-ақ цифрлық технологиялардың енгізу қарқынының баяулауы жатады. Экономиканы әртаратандыру бойынша белсенді шаралар қабылданбаса, өнір мұнай-газ секторына қатты тәуелді болып қала береді. Бұл қауіптерді жою әртаратандыруды, туризмді дамытуды, кадр даярлауды, инфрақұрылымға инвестиция салуды және экологиялық қорғау шараларын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Қолданыстағы үрдістер сақталған жағдайда алдағы 5–10 жылға өнірдің жағдайына шамамен болжам беріңіз.

Қазіргі үрдістер сақталған жағдайда (2025 жылдың қартарап-қыркүйек айларында өнеркәсіптің шамамен 17,6 %-та есүі және туризмнің жандануы) өнір ел экономикасындағы жетекші рөлін сақтайды. Туризм мен қызмет көрсету салалары дамыған жағдайда шикізаттық емес сектордың кеңеюі, өмір сапасының жақсаруы және сервис саласындағы жұмыспен қамтудың артуы мүмкін.

Алайда экономиканы әртаратандыру жүзеге асырылмаса, мұнай-газ секторынан тыс салаларда тоқырау қауіп сақталады.



СУЛТАНОВА ЛЯЗЗАТ

ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасына қарасты

«Visit Atyrau» туристік ақпараттық орталығы КММ директорының орынбасары

3.1. Сарапшылар пікірі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Өңірінде дамыту қажет ең перспективалы қызмет бағыттарын, жұмыс түрлері мен әрі қарай даму мүмкіндіктерін атаңыз.

Өңірде туризм саласын, қонақүй бизнесін және IT-қызметтерді дамыту қажет. Гидтер, туризм менеджерлері, маркетологтар, PR және SMM мамандары жоғары сұранысқа ие.

Сонымен қатар, кофеханалар мен отбасылық қонақ үйлерді ашу, шағын бизнесі дамыту да перспективалы бағыт болып табылады.

Сіздің ойыңызша, колледждер мен жоғары оқу орындарының заманауи білім беру бағдарламалары қандай кәсіби білім, білік және дағдыларды жеткіліксіз деңгейде қалыптастырады?

Қазіргі білім беру бағдарламалары коммуникация дағдыларын, жобаларды басқару, цифрлық маркетинг және сату дағдыларын жеткіліксіз дамытады.

Студенттер көбіне тек теориялық білім алады да, оны практикада қалай қолдану көркөтін білмейді, бұл олардың нақты еңбек қызметіне дайындық деңгейін төмендетеді.

Өңірінде қазірдің өзінде сұранысқа ие перспективалы мамандықтар мен біліктіліктерді атаңыз.

Перспективалы әрі сұранысқа ие мамандықтар қатарына туризм менеджері, SMM маманы, маркетолог, IT-әзірлеуші және эколог жатады. Алдағы жылдары бұл мамандықтардың барлығы белсенді түрде дамиды деп күтілуде.

Әлемде қандай өзекті болашақ трендтері мен технологияларын байқап отырысыз?

Қазіргі жаңандық үрдістер барлық салаларда, соның ішінде мұнай-газдан бастап туризмге дейін цифрландыру мен автоматтандыруды қамтиды. Жасыл және жаңартылатын энергетиканың дамуы байқалады, бұл өңірде экологиялық жобалар мен экотуризмді дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Әлемдік тренд туризмнің негізгі табыс көздерінің біріне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Сондай-ақ жасанды интеллект пен деректер аналитикасының маңызы артып келеді, олар бизнес-процестерді онтайландыруға және маркетингтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді



**УТЕГАЛИЕВА АЙГУЛЬ
АМАНКУСОВНА**
«АЛЬДАНАТУР» ЖШС-н директоры

3.1. Сарапшылар пікірі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Сіздің кәсіби салаңыздың (туризм) дамуына әсер ететін қандай факторларды атап өткізу аласыз?

Туризмнің дамуына 2022 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан мемлекеттік қолдау шаралары ықпал етуде. Олардың қатарына санитарлық-гигиеналық топаптарды ұстауға арналған шығындарды субсидиялау, жол бойындағы сервис нысандарын салуға жұмысалған шығындардың бір бөлігін өткізу, сондай-ақ туристік қызмет объектілерін салу немесе қайта жаңғырту шығындарының бір бөлігін өткізу кіреді. Сонымен қатар туристік қызметке арналған сенізден астам отыратын орны бар автобустардың салынып алуға кеткен шығындардың бір бөлігі етегелді. Саланы ілгерілету мақсатында «Visit Atyrau» туристік ақпараттық орталығы құрылды.

Қазіргі уақытта өніріңде болашақтың қандай негізгі трендтері мен технологиялары байқалады?

Өнірде цифрландыруға, Smart City элементтеріне, цифрлық білім беру платформаларына және қашықтан оқыту жүйелеріне байланысты трендтер белсенді дамып келеді. Туризм саласында 2024 жылы «Visit Atyrau» туристік сайты іске қосылды, ол үш тілде үнемі жаңартылып отырады. Сонымен қатар 3D-модельдеуді пайдалана отырып, тарихи орындар бойынша виртуалды турлар мен интерактивті карталар әзірленуде. Туристердің ыңғайлылығы үшін әуежайда, теміржол вокзалдарында, автовокзалдарда және стационарлық полиция бекеттерінде өнірдің туристік әлеуеті туралы ақпарат беретін QR-кодтар орналастырылған.

Өнірді дамыту үшін қандай негізгі басымдықтар мен әлеуетті мүмкіндіктерге назар аудару қажет деп санайсыз?

Өнірді дамыту үшін экологиялық туризмге басымдық беру қажет. Бұл бағытта емдік қасиеттері мен балшықтары бар Индер түзді көлі, сондай-ақ Қиғаш өзені маңындағы әлемде сирек кездесетін лотос алқабы сияқты бірегей нысандарды тиімді пайдалану маңызды. Құрамында пайдалы қазбалардың 16 түрі бар Индер түзді көлі санаторий-курорттық туризмді дамыту және ішкі әрі халықаралық туристерді тарту үшін зор әлеуетке ие. Осы және өзге де табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жергілікті экономиканы ынталандыруға мүмкіндік береді.

Туризм саласында кәсіби кадрларды даярлау жүйесін трансформациялаудың қандай бағыттарын ұсынар едіңз?

Туризмнің сапалы әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін өнірдегі барлық колледждер мен жоғары оқу орындарында туризм мамандықтарын ашу қажет. Бұл туризм менеджерлерін, гид-аудармашыларды, экскурсоводтарды, сондай-ақ қонақүй және мейрамхана бизнесі үшін мамандарды даярлауды қамтуы тиіс.

Оку бағдарламаларын халықаралық тәжірибелі ескере отырып жаңарту қажет. Студенттер туристік фирмаларда, қонақүйлерде және әуежайларда тікелей тәжірибеден етуі керек. Сонымен қатар ағылшын тілімен қатар қытай, түрік, неміс және француз тілдерін міндетті түрде оқытуды енгізу аса маңызды.



**СÝДЫҚОВ НУРБОЛ
ТҰРАРҰЛЫ**

Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы

3.1. Сарапшылар пікірі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі кезеңде өнірініздің күшті жақтарын атаңыз.

Өнірдің басты күшті жақтарының бірі – жаңа білім алудан қорықпайтын, барынша дамуға үмтүлатын жас буын. Әлеуметтік желілердің ықпалымен жастар жаңа мамандықтарды игеріп, бұл шағын бизнестің көбеюіне ықпал етуде.

Сонымен қатар мұнай саласында жұмыс істейтін қызметкерлер мен кәсіпкерлердің табысы жоғары болғандықтан, олар жиі демалып, қызықты бағыттарды таңдайды, бұл туризм мен сервис саласының дамуын ынталандырады.

Сіздің ойыңызша, өнірінізде қай салада бизнес үйымдары ең қарқынды дамып, олардың саны артып келеді?

Атырау бизнес-жобалар саны бойынша алдыңғы қатарда, әсіресе қызмет көрсету саласында. Нактырақ, айтқанда, турфирмалар, стоматологиялық клиникалар және кофеханалар ең қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар Атырауда өндірілетін өнімдерді өздігінен өткізу үрдісі де байқалады.

Сіз жұмыс істейтін туризм саласында кадрлық қамтамасыз етудің қандай өзекті мәселелері бар?

Туризм саласында кадр тапшылығы өткір сезіледі, себебі қазіргі жастар бірден жоғары табыс табуды қалайды.

Алайда олар туризмде тәжірибе, тәзімділік және коммуникациялық дағдыларды дамыту аса маңызды екенін әрдайым түсіне бермейді.

Өніріңізде кадр тапшылығы ең қатты сезілетін сала қайсы?

Ең үлкен кадр тапшылығы туризм, қонақүй бизнесі, қызмет көрсету және IT салаларында байқалады. Көбіне клиенттермен жұмыс істей алатын, заманауи технологияларды қолданатын, өнімді интернетте ілгерілете билетін және сауатты қарым-қатынас жасайтын білікті мамандар жетіспейді.



ТАСКАЛИЕВА ГАУХАР

БОЛАТОВНА

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің

Жарартылыстару ғылымдары
факультетінің аға оқытушысы

3.1. Сарапшылар пікірі

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі таңда Атырау өңірінде қандай білім, біліктілік және дағдылар өзекті әрі сұранысқа ие?

Қазіргі уақытта төмендегі құзыреттер ерекше маңызға ие:

- ана тілі мен шет тілдерін білу (қазақ, орыс, ағылшын, қытай);
- емделушімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары;
- цифрлық сауаттылық, онлайн-консультациялармен жұмыс істеу;
- сервиске бағдарлану және ұсак-түйекке мән беру;
- заманауи және аз инвазивті емдеу әдістерін қолдану;
- халықаралық стандарттар мен біліктілік талаптарына сәйкестік.

Сіздің кәсіби салаңыздың (медициналық туризм) дамуына әсер ететін қандай факторларды атай аласыз?

Негізгі фактор – экономикалық: Атырауда емделу Ресеймен салыстырғанда арзанырақ. Екінші фактор – географиялық: Астрахань мен Волгоград қалаларына жақын орналасуы, теміржол және автокөлік қатынасының болуы.

Қазіргі таңда жергілікті тұрғындар диагноз қою үшін Астраханға барса, медицинаны дамыта отырып, бұл ағынды Атырауға бағыттауга болады.

Маңызды аспектілер:

- Атыраудағы медицинаның сапасы мен беделін арттыру;
- дәрігерлердің шетелде тағылымдамадан өтуі, сертификаттар мен халықаралық лицензиялардың болуы;
- емделушілердің пікірлері мен клиникалық кейстерді көнінен насиҳаттау.

Ақпараттық белсенділік те аса маңызды: клиникиның сайты, әлеуметтік желілері, пікірлер, фото және бейнематериалдар болуы тиіс. Келмей тұрып онлайн-консультация алу – маңызды құрал, себебі емделуші өзін сенімді сезінеді және не күтіп тұрғанын біледі.

ТМД, елдерінің көпшілігі үшін виза талап етілмейді, тікелей әуе рейстері бар. Өнір имиджі де шешуші рөл атқарады: егер Атырау өзін Каспий маңының медициналық орталығы ретінде таныта бастаса, бұл тек ресейліктерді ғана емес, көршілес елдердің азаматтарын да тартуға мүмкіндік береді.

Медициналық туризмді дамыту үшін жаңа мамандықтар қажет: медициналық үйлестіруші, медициналық аудармашы, медициналық туризм менеджері. Шетелдік емделушілерді қабылдайтын клиникада халықаралық білім болуы тиіс: үйлестірушілер, аудармашылар, тіркеушілер, логистика, сервис және маркетинг мамандары. Бұл емделушілер үшін қолайлылық пен сенімділікті арттырады.

Шектеуші факторлар:

- Атырау медицинасының, және жекеменшік клиникалардың шетелдегі жарнамасының жеткіліксіздігі;
- халық пен шетелдік туристерге арналған арнайы «check-up» пакеттерінің аздығы;
- халықаралық деңгейдегі тар бейінді дәрігерлердің жетіспеуі.




**БЕКЕНОВА РОЗА
АБИЛЬМАЖИНОВНА**
«PLANETA.KZ» ЖШС-н директоры

3.2. Саланың қазіргі жағдайы

Атырау облысы туризмнің түрлі бағыттарын дамытуға айтарлықтай әлеуетке ие: мәдени-танымдық, спорттық-әуесқойлық, этнографиялық, балалар мен жасөспірімдер туризмі, экологиялық, сауықтыру және агротуризм. Каспий теңізінің болуы, мәдени-тариhi нысандардың, киелі орындардың және табиғи аймақтардың алуан түрлілігі іскерлік, оқиғалық, гастрономиялық және басқа да туризм түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

2024 жылы Атырау облысында туризм саласында 200-ден астам кәсіпорын жұмыс істеді:

- 132 орналастыру нысаны,
- 2 санаторий-курорттық мекеме,
- 41 жол бойындағы сервис субъектісі,
- туристік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар 48 турфирма (оның ішінде 11 туроператор және 37 турагент).



Соңғы бір жылда Атырау облысына келген шетелдік туристер саны 72 844 адамды қурады, бұл Қазақстан бойынша келгендердің 5,7%-ы. Жалпы жыл ішінде 171 775 адамға қызмет көрсетілген.

5,7%

171 775 адам

-жыл ішінде қызмет көрсетілген

Туризм саласына салынған инвестициялар көлемі 15,7 млрд теңгеден асты, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 83%-ға өсім көрсетіп отыр. Инвестициялардың 83%-ы – жеке қаражат.

83%

15,7 млрд теңге

- инвестициялар көлемі

Tourstat.kz деректеріне сәйкес, өңір Қазақстанның ТОП-10 танымал өңірінің қатарына кіреді.

Соған қарамастан, туризм өңірлік экономиканың әлі де жеткілікті дамымаған саласы болып отыр.

Негізгі мәселелердің бірі – кадрларды кәсіби даярлау деңгейінің төмендігі, туризмді басқару, қонақжайлылық және маркетинг салаларында мамандар мен білім беру бағдарламаларының тапшылышы.

Инфрақұрылымдық қындықтар да бар:



Заманауи қонақүй кешендерінің жетіспеуі



Туристік локациялардың қолжетімділігінің төмендігі және навигацияның әлсіздігі



Аудандар арасындағы көлік қатынасының алсіздігі

Қосымша қындықтар: инвестиция көлемінің шектеулілігі, қызметтердің жеткілікті цифрландырылмауы, брондау мен ілгерілету процестерінің бытыраңқылығы.

Туризм Атырау облысы экономикасының драйверлерінің біріне айнала алады.

Негізгі өсу бағыттары:

- жасанды интеллект, онлайн-платформалар және туристік ағынды талдау мен ілгерілетудің автоматтандырылған жүйелері сияқты заманауи цифрлық шешімдерді енгізу;
- инфрақұрылымды жақсарту, қызмет сапасын арттыру, мемлекеттік қолдауды қүшейту және инвестиция тарту;
- заманауи технологиялармен жұмыс істей алатын білікті кадрларды даярлау

3.3. Трендтер

1 тренд Кафе мен мейрамханалар санының өсуі / үлттық асхана нысандарының көбеюі

Өнірде қоғамдық тамақтану саласы, әсіресе этникалық және жергілікті асхананы ұсынатын мекемелер қарқынды дамып келеді. Бұл туристердің үлттық гастрономияға қызығушылығының артуымен және аутентті мәдени әсерлерге деген сұраныспен байланысты. Аталған тренд гастрономиялық туризмнің дамуына негіз қалыптастырып, сервис деңгейін арттыруды, сапаны стандарттауды және өнірлік асханаға маманданған кәсіби шеф-аспаздарды даярлауды талап етеді.

2 тренд Тарихи-архитектуралық зерттеулердің артуы

Атырау облысының мәдени мұрасын зерттеуге, тарихи-архитектуралық нысандарды сақтау және зерделеу жобаларын дамытуға қызығушылық өсуде. Бұл тренд мәдени-танымдық туризмге деген қызығушылықты күштейтіп, жаңа туристік маршруттар мен интерактивті музейлердің пайда болуына ықпал етеді. Алайда ол қаржыландыруды, білікті мамандарды және тарихи материалдарды халық пен туристер арасында кеңінен насиҳаттауға арналған бағдарламаларды қажет етеді.

3 тренд Медициналық тексерулер мен емделуге шетелге шығуға сұраныстың өсуі

Өнір тұрғындарының медициналық тексеру, емдеу және сауықтыру мақсатында шетелге шығу үрдісі байқалады. Бұл жоғары технологиялы медициналық көмек алуға, тар бейінді мамандарға және заманауи диагностикалық әдістерге қол жеткізу ниетімен байланысты. Бұл тренд медициналық туризмнің дамуын ынталандыра отырып, жергілікті медицинаны жаңғырту және қызмет сапасын арттыру қажеттігін көрсетеді.

4 тренд Нақты дәстүрлі шаруашылық тәжірибелерге қатысу арқылы этнотуризмге сұраныстың артуы

Туристер дәстүрлі өмір салтына терең бойлауға, қолөнер, жайылымдық және шаруашылық тәжірибелерге тікелей қатысуға көбірек қызығушылық танытуда. Бұл этнотуризмнің жаңа форматын қалыптастырыады, мұнда бақылаудан гөрі тәжірибе басты орын алады. Тренд кәсіби ұйымдастырылған этноауылдарды құруды, қауіпсіз қатысу шарттарын, даярланған гидтерді және жергілікті қауымдастықтарды қолдаудың жүйелі бағдарламаларын талап етеді.

5 тренд Экотуризмге, ретриттерге және wellness-бағыттарға қызығушылықтың өсуі

Өнірде экологиялық демалыс түрлеріне, ретрит-орталықтарға, денсаулықты қалпына келтіру бағдарламаларына, медитация мен табиғат аясындағы оңашалануға сұраныс тұрақты өсуде. Бұл менталдық және физикалық денсаулыққа қамқорлық жасауға бағытталған жаңандық трендпен байланысты. Әлеуетті іске асыру үшін экологиялық инфрақұрылымды (эко-соқпақтар, глэмпингтер, табиғатты қорғау жобалары) дамыту және сапалы медиа-сүйемелдеу қажет.

6 тренд Мұнай-газ саласы және сабактас секторлардағы экспаттар санының артуы

Ірі мұнай-газ жобалары өнірде тұратын шетелдік мамандар санының көбеюіне әкелуде. Бұл жайлы қалалық инфрақұрылымға, сапалы қызметтерге, халықаралық мектептерге және ағылшын тіліндегі сервистерге сұранысты арттырады. Экспаттар ішкі туризм үшін де, өнірдің халықаралық имиджі үшін де маңызды аудиторияға айналуда.

7 тренд Атырау облысына индустриялық турлар драйвері ретінде туристердің қызығушылығының артуы

Атырау облысы өнеркәсіптік орталық ретіндегі позициясын нығайтып келеді, бұл индустриялық туризмге қызығушылықты қалыптастырады: өндірістік нысандарға, мұнай-газ кәсіпорындарына, оқу орталықтары мен технопарктерге бару. Тренд қауіпсіздік стандарттарын әзірлеуді, маршруттар мен оқыту бағдарламаларын жасауды және өнеркәсіптік компаниялармен қолжетімді нысандарды ашу үшін ынтымақтастықты талап етеді.

8 тренд Онлайн-оқытуға сұраныстың және виртуалды әлемге қызығушылықтың өсуі

Онлайн-курстар, вебинарлар және цифрлық білім беру платформаларын пайдаланушылар саны айтарлықтай артуда. Бұл үрдіс виртуалды туристік өнімдердің дамуына ықпал етеді: 3D-әкссурсиялар, киелі нысандар бойынша VR-маршруттар, цифрлық гидтер. Тренд цифрлық сауаттылықты арттыруды және виртуалды шындық технологияларын туристік қызметтерге енгізуі талап етеді.

9 тренд Спорттық іс-шаралар мен марафондардың көбеюі

Өнірде марафондар, веложарыстар, триатлондар және ашық аудағы жаппай спорттық іс-шаралар саны артып келеді. Бұл жергілікті тұрғындармен қатар басқа өнірлерден келетін туристерді тартатын оқиғалық және спорттық туризмнің жаңа сегментін қалыптастырады. Трендті қолдау үшін инфрақұрылымды дамыту, волонтерлерді даярлау және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар күнтізбесін құру қажет.

Тренд кластерлері:

-Мәдени-тарихи кластер: Дәстүрлерге, үлттық өзіндік танымға және өнір мұрасына қызығушылықты арттыруға байланысты трендтердің біріктірілігі.

- Экологиялық және wellness-кластер: Тұрақтылыққа, табиғат аясындағы демалысқа, физикалық және психикалық денсаулыққа қамқорлық жасауға бағытталған трендтерге шоғырланады.

- Технологиялық және цифрлық кластер: Цифрлық трансформацияға, виртуалды форматтарға және онлайн-оқытуға байланысты тенденцияларды қамтиды.

3.4. ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

- Нарықтың артық өрнеккүү жана суданындық тәжіндердүү: Санитарлық қауіппер, макинаштардың бірнешелігі, инфраструктурының көзімі.

- Тәжін жаһайтында: Ауыл шаруашылығы саласындағы тәжін табыс жұмыс күшінің, басқа салаларға миграцияның өзіндері.

- Туризмнан өзіншілдіктер, нақіл гидтердің жетіспеушілігі.

